

АШИРОВА ЖАЗИРА УӘЛИХАНҚЫЗЫ

БД012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясына АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері»

Зерттеу мақсаты: колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуді теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеу міндеттері:

1. Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындау.

2. Колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәнін анықтау және ерекшеліктерін сипаттау.

3. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделін жасау.

4. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістерін ұсынып және олардың тиімділігін эксперимент барысында негіздеу.

Зерттеу әдістері.

- теориялық: зерттелетін мәселе бойынша философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық, құқықтық және педагогикалық әдебиеттерді талдау, колледжде оқу процесін ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу және жалпылау, талдау және синтездеу, салыстыру, сәйкестендіру және жалпылау, модельдеу;

- эмпирикалық: байқау, сауалнама, тестілеу, әңгімелесу, өзін-өзі бағалау, студенттерді зерттеу және эксперимент, сараптамалық бағалау көмегімен зерттеу;

- тәжірибелік жұмыс нәтижелерін математикалық өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Колледж студенттерінің құқықтық мәдениеті олардың құқықтық тәрбиесін қалыптастыру жиынтығын: құқықтық сана, заңды қолдану қабілеттері мен дағдылары, құқықтық құндылықтарды ұғынудың, осы қоғамда өзінің қорғалу дәрежесінің және өзінің мінез-құлқының құқықтық нормалар талаптарына сәйкестігін болжайды.

Студенттердің құқықтық мәдениетін жоғарылату оларға құқықтық білім жүйесін игеруге, кәсіби саладағы құқықтық қатынастарға сәтті қатысуға ғана емес, сонымен бірге кез-келген құқықтық жағдайды шешуде жауапты тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жеке және кәсіби ұстанымды дамытуға мүмкіндік береді.

2. Колледждің мәдени-тәрбие ортасындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі әдіснамалық ұстанымдарды (гуманистік бағыты, мәдениеттанушылық, кәсіби білім беру мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысы, вариативтілік пен ашықтық, аймақтандыру, оқиғалар) қамтиды, олар колледж

студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделін тиімді жүзеге асуын қарастырады.

3. Колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу кәсіби салада сәтті қызмет ету үшін қажет болашақ мамандардың құқықтық санасы мен құқықтық ойлауын қалыптастырудың мақсатты, арнайы ұйымдастырылған процесі ретінде қарастырылады.

Бұл колледж қызметкерлерінен арнайы ұйымдастырылған мақсатты жұмысты қажет ететін өте күрделі және ұзақ процесс болғандықтан, колледж студенттеріне құқықтық тәрбие беруде тиісті кәсіби, педагогикалық және заңгерлік құзіреттері бар оқытушылар тартылуы керек.

4. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу - бір-бірімен байланысқан құндылық-мотивациялық, когнитивті (ақпараттық), праксиологиялық және реттеуші (мінез-құлықтық) копоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық моделін іс-жүзіне асуын қарастырады. Модельдің негізгі блоктары, қалыптасу компоненттері мен өлшемдері өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы негізгі құрылымын көрсетеді.

5. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістемесін «Құқықтық мәдениеттің әліппесі» арнайы курсы, мақсатқа жетуге және студенттердің құқықтық мәдениетін тәрбиелеу құралына айналдыру арқылы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған «студент-мұғалім-студент» жүйесіндегі пәндік-субъективті қатынастар негізінде қоршаған ортамен өзара әрекеттесулер жиынтығын ұйымдастыру белсенді және интерактивті әдістерді практикаға ендірілуімен жүзеге асырылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

1. Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындалды.

2. Колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып және оның ерекшеліктері нақтыланды.

3. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделі ұсынылды.

4. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістері ұсынылып және олардың тиімділігін эксперимент барысында негізделді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы: зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен; алынған ақпараттың шынайылығымен, нәтижелердің бастапқы және соңғы көрсеткіштерінің тиімділігімен, оларды оқу үдерісіне кешенді енгізумен қамтамасыз етіледі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі: студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындалуымен; колледждің мәдени-тәрбие ортасындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі әдіснамалық ұстанымдарын (гуманистік бағыты, мәдениеттанушылық, кәсіби білім беру мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысы, вариативтілік пен ашықтық, аймақтандыру, оқиғалар) негіздеумен айқындалады;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі: колледж студенттерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықталып және түрлі дереккөздердегі «құқықтық мәдениет», «жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті» және «студент тұлғасының құқықтық мәдениеті» категориялы ұғымдарының мазмұндық сипаттамалары мен ерекшеліктері нақтыланды;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі: құндылық-мотивациялық, когнитивті (ақпараттық), праксиологиялық және реттеуші (мінез-құлықтық) копоненттер жиынтығынан тұратын колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің құрылымдық моделінің өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы негізгі құрылымымен анықталады;

Төртінші ғылыми нәтиже: «Құқықтық мәдениеттің әліппесі» элективті курс бағдарламасы мен «Құқықтық мәдениет әліппесі» атты ЭЕМ арналған бағдарлама мен пәннің оқу әдістемелік кешенін дайындауымен, Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістемесін «Құқықтық мәдениеттің әліппесі» арнайы курсы және колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әдістері ұсынылып, олардың тиімділігін эксперимент барысында негізделуімен сипатталады.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Ұлы далада адалдық, әділеттілік және шыншылдық сияқты адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу мен орнатуға үлкен мән берілген. «Олар әлеуметтік идеология деңгейіне көтерілді және көшпелі қоғамның өркендеуі, заңның үстемдігі және ондағы бейбітшілік орнайды». Адамгершілік құндылықтар бүгінгі таңда бізге адамдар арасындағы шынайы адамдық қатынастарды: теңдік, серіктестік, өзара сыйластық пен қамқорлықты талап етеді. көршілер. Дәл осындай құндылықтар «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізіне салынған. Қазіргі жастардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің үндестік белгілері мыналар: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарын құрметтеу: патриотизм сезімі; қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді азаматтықтың болуы. Мұнда біз сонымен қатар: негізгі заңдарды, қылмыстық және әкімшілік кодекстің баптарын білу; өзін-өзі басқару, өзін және басқаларды түсіну, іс-әрекеттер мен әрекеттерді басқару қабілеті; қоғам мүшесі ретінде өзін-өзі тану; олардың жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерін білуі қажет деп санаймыз.

Ғылыми зерттеулер мен оқу құралдарын зерделей келе колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуге байланысты:

- өмірде және жаңа өнеркәсіп жағдайларда кәсіби ұстанымының негізі ретінде құқықтық мәдениеті дамыған колледжді бітірген мамандарға қоғам мен мемлекеттің үздіксіз өсіп келе жатқан қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың тиісті теориялық негіздерінің жасалмағандығы арасында;

- колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасында. *қайшылықтарды* атап өтуге болады. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мәселесі педагогика ілімінде қарастырылмаған.

Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің амалдары мен жолдырын қарастыру мәселесі **зерттеу проблемасын** тұжырымдауға мүмкіндік береді. Аталған мәселені шешу және анықталған қайшылықтарды жою қажеттілігі, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуді теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасауға және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру қажеттілігі туындап отыр.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: Зерттеу нәтижелері Диссертациялық зерттеуді тексеру эксперименттік жұмыстың барлық кезеңінде жүргізілді. Негізгі теориялық ережелер мен тұжырымдар ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинақтарында жарияланды.

1. Problems Of education of legal culture of students. Cypriot Journal of Educational Scinces. Volume 16. Issue 6, (2021). – 3124-3132p. (Co-authored by Z.Sydykova, Zh.Erkekul, Z.Kuanyshbaeva, G.Uristenbekova 60 %).

2. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу жолдары. «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. II том. –Шымент. 2017.-Т. 2, – Б.566-570. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А. 70 %).

3. Содержательно-функциональные аспекты воспитания правовой культуры студентов колледжа. Вестник КазНПУ. Серия «Педагогические науки» -2018.- №2(58) –Алматы, 2018. –СС. 316-319. ISSN 1728-5496 (В соавторстве Жолдасбекова С.А., Айдаров Б.Ж. 60 %)

4. Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу арқылы ұлттық санасын тәрбиелеу. П.ғ.д., профессор С.А. Ұзақбаеваның 70 жылдық мерейтойына арналған «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2019. 18 қазан 2019ж. -603-606 бб. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А. 80 %).

5. Особенности воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа. Ежемесячный научный журнал. Национальная ассоциация ученых (НАУ) №48/2019. 2 часть. –СС.4-8 (В соавторстве Жолдасбекова С.А., Каратаев Г.С. 60 %)

6. Ролевая игра в методике воспитания правовой культуры студентов колледжа. Абай атындағы ҚҰУ Хабаршы. -2019. -№4 (64) «Педагогика ғылымдары» сериясы №195. -Алматы 2019ж. –СС.-378-382. (В соавторстве Жолдасбекова С.А. 80 %).

7. Роль народной педагогики в воспитании правовой культуры студентов колледжа. Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті. Ясауи университетінің Хабаршысы ғылыми журнал. -№3 (113) 2019ж. -148-1556 бб. (В соавторстве Жолдасбекова С.А., 60 %).

8. Аксиологический аспект развития нравственно-правовой культуры студентов. «Әуезов оқулары-17: Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

труды. -Шымкент, 2019. –СС.271-274 (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А., Есимова А.Э. 60 %).

9. Принципы воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа. Я.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің хабаршысы. -№ 1 (130). -2020ж. -31-37 бб. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А. 80 %).

10. Құқықтық мәдениет және оны қалыптастырудың педагогикалық мәселесі. The Europe and the Turkey world: science Engineering and technology of the Materids oe the internat and sclenic prolticol conference May 6-8 2020 Ankara-Turkey. -Volume II. - Ancara 2020. -126-131 p. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А., Тәңкіш Н.П. 60 %).

11. Студенттерге құқықтық тәрбие берудің негіздері. «Әуезов оқулары-18: Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай «Ұлы абайдың рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдары. -Т5. – Шымкент, 2020ж. -43-46 бб. (100 %).

12. Болашақ колледж оқытушыларының тәрбиелік функциясын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру. Международная научно-практическая интернет конференция. «Тенденция и перспективы развития науки и условиях глобализации. –Переяслав. -№57. 2020г. –СС. 134-135. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А., Сарсенова Г.Т 80 %).

13. Педагогические основы воспитания правовой культуры студентов колледжей. «Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер - 2020» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 13-14 сәуір 2020. -54-57. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А., Дүйсеханов Т.60 %).

14. Халық педагогикасы негізінде колледж студенттеріне құқықтық тәрбие беру әдістері. «Мәңгілік ел жастары – Тәуелсіздік кепілі» тақырыбындағы жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 24-ші республикалық студенттік ғылыми конференция еңбектер жинағы. - Шымкент: М.Әуезов ат. ОҚУ, 2021ж., Т.4. -253-254бб. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А., Нұртаза Б.Д. 60 %).

15. Құқықтық мәдениет әліппесі. -Шымкент: М.Әуезов ат. ОҚУ, 2022. 3,04 МБ. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік. 2022 жылғы 8 ақпан, №23425. ЭЕМ-ге арналған бағдрлама. 15.01.2022ж. (Авторлық бірлестікте Жолдасбекова С.А. 80 %).

Диссертацияның құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалар тізімі, 14 кесте, 7 сурет